**«Қызылорда - Жезқазған республикалық маңызы бар автомобиль жолының 11,12 лоттар, 314-369 км.-ін қайта жаңарту үшін Ұлытау облысында орналасқан «Қытай Азаматтық Инженерлік-Құрылыс Корпорациясы» ЖШҚ Қазақстан Республикасындағы филиалының вахталық қалашығы бар өндірістік базасын орнату» жобасына қоғамдық тыңдаулардың хаттамасы**

**1. Аумағында қызмет жүзеге асырылатын немесе аумағына ықпал етілетін әкімшілікаумақтық бірліктің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының жергілікті атқарушы органының атауы:**

*«Ұлытау облысы Ұлытау ауданы Мибұлақ ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ.*

**2. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбы:**

*«Қызылорда - Жезқазған республикалық маңызы бар автомобиль жолының 11,12 лоттар, 314-369 км.-ін қайта жаңарту үшін Ұлытау облысында орналасқан «Қытай Азаматтық Инженерлік-Құрылыс Корпорациясы» ЖШҚ Қазақстан Республикасындағы филиалының вахталық қалашығы бар өндірістік базасын орнату».*

**3. Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар жіберілген қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның және облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органының (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының атауы:**

*Қазақстан Республикасы экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі «Қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттық-талдау орталығы» ШЖҚ РМК, «Ұлытау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ.*

**4. Көзделіп отырған қызметтің орналасатын жері:**

*Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, Мибұлақ ауылдық округі, Мибұлақ ауылы*

*Учаскелердің бұрыштық нүктелерінің географиялық координаттары*

| *Учаскенің атауы* | *Бұрыш нүктелері* | *Бұрыштық нүктелердің координаталары* | | *Учаскенің ауданы, га* |
|---|---|---|---|---|
| | | *солтүстік ендік* | *шығыс бойлық* | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| *Өндірістік база* | 1 | 47°17'25,6042" | 67°53'33,8832" | 23,92 |
| | 2 | 47°17'26,5520" | 67°54'02,3743" | |
| | 3 | 47°17'39,4441" | 67°54'01,4487" | |
| | 4 | 47°17'38,5274" | 67°53'32,9535" | |

**5. Көзделіп отырған қызметтің ықтимал әсеріне қатысы бар барлық әкімшілік-аумақтық бірліктердің атауы:**

*Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, Мибұлақ ауылдық округі, Мибұлақ ауылы*

**6. Бастамашының деректемелері және байланыс деректері:**

*«Қытай Азаматтық Инженерлік-Құрылыс Корпорациясы» ЖШҚ Қазақстан Республикасындағы филиалы, БСН: 170241014967. Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, 050060, Әбіш Кекілбайұлы к-сі, 34, 11-01 кеңсе. Тел: +77715032026, email:ccecc-kazakhstan@ccecc.com.cn.*

**7. Ықтимал әсерлер туралы есептерді әзірлеушілердің немесе стратегиялық экологиялық бағалау жөніндегі есептерді дайындау бойынша сырттан тартылған сарапшылардың немесе мемлекеттік экологиялық сараптама объектілерінің құжаттамасын әзірлеушілердің деректемелері мен байланыс деректері**:

*«Жетісу-Жерқойнауы»ЖШС, БСН:110440009773. Мекенжайы: Алматы облысы, Қарасай*

*ауданы, Қаскелең қ., Көшек батыр к-сі, 165, тел. +77474676274, email: zh.zherkoinauy@mail.ru*

**8. Қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күн, уақыт, орын (қоғамдық тыңдаулардың ашық жиналысы өткізілетін күн (күндер) және уақыт):**

Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, Мибұлақ а.о., Мибұлақ а., Тұрсынбай к-сі, 16 мекен-жайындағы Мәдениет Үйі ғимараты.

*25/08/2025сағат 10:00 (Астана қ. уақыты) қоғамдық тыңдаулар Zoom платформасында бейнеконференцбайланыс арқылы онлайн режимінде өтті, тыңдауларға сілтеме:*

*https://us05web.zoom.us/j/6774935275?pwd=d03CMgTp2oURvw5K5QzTmmVrQHi0TG.1*

*Конференция идентификаторы: 677 493 52 75. Кіру коды: YZ1mBb.*

*Қатысушыларды тіркеу уақыты: 09:50*

*Қоғамдық тыңдаулардың басталу уақыты: 10:00*

*Қоғамдық тыңдаулардың аяқталу уақыты: 10:22*

**9. Бастамашы жіберген сұрату хатының көшірмесі және қоғамдық тыңдауларды өткізу шарттарын келісу туралы әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті атқарушы органдары ұсынған жауап хаттың көшірмесі осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі.**

*Сауалхат пен жауап хаттың көшірмелері осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына 1-қосымшада ұсынылған.*

**10. Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеу парағы осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі.**

*Қатысушыларды тіркеу тізімі осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына 2-қосымшада көрсетілген.*

**11. Қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы ақпарат қазақ және орыс тілдерінде келесі жолдармен таратылды:**

1. *Бірыңғай экологиялық порталда; Жоба бойынша құжаттама БЭК-те орналастырылған https://ndbecology.gov.kz/ жарияланған күні: 25 шілде2025 жыл;*
2. *жергілікті атқарушы органның (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) ресми интернет-ресурсында немесе әзірлеуші мемлекеттік органның ресми интернет-ресурсында ЖАО сайтында: «Ұлытау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ https://www.gov.kz/memleket/entities/ulytau-upr/press?lang=kk«Баспасөз орталығы» бөлімінде жарияланған;*
3. *қоғамдық тыңдаулар басталған күнге дейін жиырма жұмыс күнінен кешіктірмей, бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде кемінде бір газетте және қатысы бар аумақтың шегінде толық немесе ішінара орналасқан тиісті әкімшілік - аумақтық бірліктердің (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) аумағында таратылатын кемінде бір теле-немесе радиоарна арқылы бұқаралық ақпарат құралдарында:*
   *-23.07.2025 ж.Ұлытау облысының №50 (688) «Жезказганский Вестник» ақпараттық-аналитикалық газетінде қазақ және орыс тілдерінде жарияланған;*
   *-«ULYTAU» телеарнасының жүгіртпе жолақ айдарында қазақ және орыс тілдерінде хабарландыру 18.07.2025 ж. (бір күн) орналастырылды.*
   Газеттің электронды нұсқасы мен эфирлік анықтамасы осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасының 3-қосымшасында келтірілген.
4. *тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) аумағында мүдделі жұртшылық үшін қолжетімді орындарда, Тұрсынбай к-сі, 16 мекенжайы бойынша 1 дана хабарландыру.*
   Осы қоғамдық тыңдау хаттамасына фотоматериалдар 4-қосымшада қоса берілген.

**12. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімдері:**

*Қоғамдық тыңдаудың хатшысы болып болып – «Жетісу Жерқойнауы» ЖШС-нің жетекші инженер геологы Қалибек М.С тағайындалды.*

*Қарсы емес – 8 қатысушы.*
*Қарсы – 0 қатысушы.*
*Қалыс қалған – 0 қатысушы.*

*Ашық жиналыстар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізу регламенті:*
*Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеу. Ұсынылатын регламент-10 мин.*
*Келісілген уақытта қоғамдық тыңдаулардың ашылуы. Ұсынылатын регламент-5 мин.*
*Баяндамашылардың сөз сөйлеуі. Ұсынылатын регламент-10 мин.*
*Баяндамаларды талқылау. Ұсынылатын регламент-10 мин.*
*Баяндамалар бойынша қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың ескертулері мен ұсыныстары тыңдалады. Баяндамашылар өз кезегінде қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың ескертулері мен ұсыныстарына жауап береді. Ұсынылатын регламент-10 мин.*
*Қоғамдық тыңдауларды қорытындылау. Ұсынылатын регламент-5 мин.*
*Қарсы емес – 8 қатысушы.*
*Қарсы – 0 қатысушы.*
*Қалыс қалған – 0 қатысушы.*

**13. Барлық тыңдалған баяндамалар туралы мәліметтер:**
Қалибек М.С., «Жетісу Жерқойнауы» ЖШС-нің жетекші инженер геологы. *«Қызылорда - Жезқазған республикалық маңызы бар автомобиль жолының 11,12 лоттар, 314-369 км.-ін қайта жаңарту үшін Ұлытау облысында орналасқан «Қытай Азаматтық Инженерлік-Құрылыс Корпорациясы» ЖШҚ Қазақстан Республикасындағы филиалының вахталық қалашығы бар өндірістік базасын орнату» жобасы бойынша қоғамдық тыңдауларға арналған баяндамасы: 2 бет; слайд; файлдар, плакаттар, сызбалар – жоқ.*
Қоғамдық тыңдауларға шығарылып отырған құжаттар бойынша баяндамалардың мәтіні осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына 5-қосымшада қоса берілген.

**14. Мүдделі мемлекеттік органдар мен жұртшылықтың осы Қағидаларының 18-тармағына сәйкес жазбаша нысанда ұсынылған немесе қоғамдық тыңдауларды өткізу барысында айтылған барлық ескертулер мен ұсыныстарын, әрбір ескерту және ұсыныс бойынша бастамашының жауаптары мен түсініктемелерін қамтитын жиынтық кесте. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына мүлде қатысы жоқ ескертулер мен ұсыныстар кестеге "қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына қатысы жоқ" деген белгімен енгізіледі.**

| р/с № | Қатысушылардың ескертулері мен ұсыныстары (қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы) | Ескертулер мен ұсыныстарға жауаптар (жауап берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және/немесе лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы) | Ескерту (алынып тасталған/алынбаған ескерту немесе ұсыныс, "қоғамдық тыңдау тақырыбына қатысы жоқ") |
|---|---|---|---|
| **1** | **2** | **3** | **4** |
| 1 | Амантаева Т.С., Мибұлак ауылының тұрғыны<br><br>Сіздердің бізге жасайтын жақсылықтарыңыз бар ма? | Қалибек М.С., «Жетісу Жерқойнауы» ЖШС-нің жетекші инженер геологы<br><br>Ұсыныстар мен ескертпелеріңіз болса, хаттама толтырып жатырмыз ғой, сол жерге қойған сұрақтардың барлығын ұсыныстарды жазып қойсаңыздар болады. Ол қаралады. | *Алынды* |
| 2 | Тапауов С., Мибұлак ауылының тұрғыны | Қалибек М.С., «Жетісу Жерқойнауы» ЖШС-нің жетекші инженер геологы | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Бір базаның атынан келіп отырсың ба? | Бір компанияның атынан қытай азаматтық инженерлік құрылыс корпорациясы. | *Алынды* |
| 3 | Амантаева Т.С., Мибұлақ ауылының тұрғыны<br><br>1. Әкімшілік контор деп айтсақ болады. Соның іші құлап тұр. Осыған шамалы болсын жөндеу жұмыстарын жасап берсе. Әйтпесе жастар, балалар жүретін саябақ жасап берсе.<br><br>2. Бөлек жаз қайсы ыңғайлы соны жасап берсе.<br><br>3. Мәдениет үйіне күрделі жөндеу жұмыстарын жасап берсін деп айтты де. Мибұлақ ауылының клуб үйі деп аталады негізі жазылғанда. Екінші ұсыныс ауылға жастар саябағын жасап берсе. Сондай үлкен емес енді, қолдан келгенше жасап берсе осы екеуін. | Қалибек М.С., «Жетісу Жерқойнауы» ЖШС-нің жетекші инженер геологы<br><br>1. Бірге жаза берейін ба?<br><br>2. Әкімшілік деп жазайын ба?<br><br>3. Жақсы, хаттамаға жазылды. | *Алынды*<br><br>*Алынды*<br><br>*Алынды* |
| 4 | Тұрсынбай Е.Ә., «Ұлытау облысы Ұлытау ауданы Мибұлақ ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-нің әкімі<br><br>1. Қазып қойып па еді су алатын ұңғыманы әр компания өзіне?<br><br>2. Қәзіргі таңда өзеннен алып жатқан жоқ қой иә суды?<br><br>3. Техникалық суды пайдаланғанда, өзеннің суы бітіп жатыр ғой. Азайып кетті қатты. Насос қойып қойыпты кәдімгідей.<br><br>4. Ұңғыма қазылған болса, онда неге өзеннен су алып жатыр? Өзеннің суы біраз жері тартылып қалыпты.<br><br>5. Жалпы бәріне. Су сеуіп жолға, одан кейін тас алғаннан кейін қоршайды ғой, тенттер неге жаппай жүр, әр өткен сайын қастарынан тас түсіп жатыр. Біздің тағы ұсынысымыз жүк көліктері | Мубараков Р.Г., «Жетісу Жерқойнауы» ЖШС-нің атқарушы директоры<br><br>1. Мына үшінші қытай бригадасы жол жасап жатқан негізі төртеуінің промбазалары дайын.<br><br>2. Техникалық суды пайдаланып жатыр.<br><br>3. Бассейн инспекциядан рұқсаты болу керек.<br><br>4. Үшінші бригада ма, әлде жалпы бәрі ма?<br><br>5. Мағжан соның бәрін жазып алшы, жеткіземіз қытайларға. | *Алынды*<br><br>*Алынды*<br><br>*Алынды*<br><br>*Алынды*<br><br>*Алынды* |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | қауіпсіздік ережесін сақтап, тас тиегеннен кейін тентпен жабуды сұраймыз. Сарысу өзенінен су алмауды сұраймыз. | | |

**15. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың жоба және қаралатындардың сапасы туралы пікірі (негіздемесімен), құжаттардың, тыңдалған баяндамалардың толықтығы және оларды түсінудің қолжетімділігі тұрғысынан, оларды жақсарту бойынша ұсынымдар:**

*Ұсынылған қызмет туралы есеп халыққа толығымен ұсынылды. Құжатнаманы түсінудің толықтығы мен қол жетімділігін бірауыздан растайды, ұсыныстар алынды*.

16. Қоғамдық тыңдаулар хаттамасына шағымдану Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес сот және сотқа дейінгі тәртіппен мүмкін болады.

17. Қоғамдық тыңдаулардың төрағасы:

Тұрсынбай Ерлан [illegible] [illegible]

(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып табылатын ұйымның атауы)

Қол қою [signature] күні: 26.08.2025 ж.

18. Қоғамдық тыңдаулардың хатшысы:

Жәмібек Маржан Саматқызы

«Жетісу - Жерұйығы» ЖШС жетекші инженер-геолог

(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып табылатын ұйымның атауы)

Қол қою [signature] күні: 26.08.2025 ж.

**Қосымша №1**

Приложение 3.1.
к Правилам проведения
общественных слушаний

**Форма письма-запроса от инициатора общественных слушаний на проведение общественных слушаний в местные исполнительные органы административно-территориальных единиц (района, города)**

исходящий номер: 25421162001, Дата: 11/07/2025

*(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)*

Информируем Вас о: Осуществление государственной экологической экспертизы

*(наименование в соответствии с пунктом 12 настоящих Правил)*

Будет осуществляться на следующей территории: область Ұлытау, Улытауский район, Мыйбулакский с.о., с.Мыйбулак

*(территория воздействия, географические координаты участка)*

Предоставляем перечень административно-территориальных единиц, на территорию которых может быть оказано воздействие, и на территории которых будут проведены общественные слушания: Ссылка на онлайн конференцию:https://us05web.zoom.us/j/6774935275?pwd=d03C MgTp2oURvw5K5QzTmmVrQHi0TG.1 Идентификатор конференции: 677 493 52 75 Код доступа: YZ1mBb

Предмет общественных слушаний: Устройство производственной базы с вахтовым городком Филиала ООО «Китайская Гражданская Инженерно-Строительная Корпорация» в Республике Казахстан, расположенного области Ұлытау, для реконструкции автомобильной дороги республиканского значения Кызылорда- Жезказган, км. 314-369, Лоты 11,12

*(тема, название общественных слушаний, предмет общественных слушаний в обязательном случае должен содержать точное наименование, место осуществления, срок намечаемой деятельности и наименование инициатора намечаемой деятельности*

Просим согласовать нижеуказанные условия проведения общественных слушаний: область Ұлытау, Улытауский район, Мыйбулакский с.о., с.Мыйбулак., Дом Культуры по адресу: ул. Турсынбай, 16. Ссылка на онлайн конференцию:https://us05web.zoom.us/j/6774935275?pwd=d03C MgTp2oURvw5K5QzTmmVrQHi0TG.1 Идентификатор конференции: 677 493 52 75 Код доступа: YZ1mBb, 25/08/2025 10:00

*(место, дата и время начала проведения общественных слушаний)*

Место проведения общественных слушаний в населенном (-ых) пункте (-ах) обосновано их ближайшим расположением к территории намечаемой деятельности ( км).

Объявление о проведении общественных слушаний на казахском и русском языках будет распространено следующими способами:
Жезказганский вестник; телеканал Улытау

*(наменование газеты, теле- и радиоканала, где будет размещено объявление)*

Акимат

*(расположение мест, специально предназначенных для размещения печатных объявлений (доски объявлений)*

Просим также подтвердить наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний.

В соответствии с Экологическим кодексом Республики Казахстан и Правилами проведения общественных слушаний, общественные слушания проводятся под председательством представителя местного исполнительного органа соответствующей административно-территориальной единицы (района, города). Местный исполнительный орган обеспечивает видео- и аудиозапись открытого собрания общественных слушаний. Электронный носитель с видео- и аудиозаписью всего хода открытого собрания общественных слушаний с начала регистрации до закрытия общественных слушаний и подведением итогов слушаний, подлежит приобщению (публикации) к протоколу общественных слушаний.

В соответствии с требованиями законодательства просим обеспечить регистрацию участников общественных слушаний и видео- и аудиозапись общественных слушаний.»
Филиал общества с ограниченной ответственностью ""Китайская Гражданская Инженерно-Строительная Корпорация"" в Республике Казахстан (БИН: 170241014967), +7(777)-180-29-16, ajzh@mail.ru,

*(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, контактные данные инициатора общественных слушаний).*

Приложение 3.
к Правилам проведения
общественных слушаний

**Форма письма-ответа инициатору общественных слушаний от местных исполнительных органов административно-территориальных единиц (района, города) на проведение общественных слушаний**

исходящий номер: 25421162001, Дата: 15/07/2025

*(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)*

«В ответ на Ваше письмо (исх. №25421162001, от 11/07/2025 (дата)) о согласовании предлагаемых Вами условий проведения общественных слушаний, сообщаем следующее:

«Согласовываем проведение общественных слушаний по предмету Устройство производственной базы с вахтовым городком Филиала ООО «Китайская Гражданская Инженерно-Строительная Корпорация» в Республике Казахстан, расположенного области Ұлытау, для реконструкции автомобильной дороги республиканского значения Кызылорда- Жезказган, км. 314-369, Лоты 11,12, в предлагаемую Вами 25/08/2025 10:00, область Ұлытау, Улытауский район, Мыйбулакский с.о., с.Мыйбулак., Дом Культуры по адресу: ул. Турсынбай, 16. Ссылка на онлайн конференцию:https://us05web.zoom.us/j/6774935275?pwd=d03C.MgTp2oURvw5K5QzTmmVrQHi0TG.1 Идентификатор конференции: 677 493 52 75 Код доступа: YZ1mBb(дату, место, время начала проведения общественных слушаний)»

*(к причинам несогласования относятся: место проведения не относится к территории административно-территориальных единиц, на которую может быть оказано воздействие в результате осуществления намечаемой деятельности; дата и время проведения выпадает на выходные и/или праздничные дни, нерабочее время. "Поддерживаем, предложенные Вами способы распространения объявления о проведении общественных слушаний". или "Предлагаем дополнить (заменить) следующими способами, для более эффективного информирования общественности").*

«Подтверждаем наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний».

«Перечень заинтересованных государственных органов: 1. 2.»

Филиал общества с ограниченной ответственностью ""Китайская Гражданская Инженерно-Строительная Корпорация"" в Республике Казахстан (БИН: 170241014967), +7(777)-180-29-16, ajzh@mail.ru,

*(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, контактные данные инициатора общественных слушаний).*

**Қосымша №2**

## Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың тіркеу парағы

| № р/с | Қатысушының аты-жөні | Қатысушы санаты (мүдделі жұртшылықтың, жұртшылықтың, мемлекеттік органның өкілі, Бастамашы) | Байланыс телефон нөмірі | Қатысу форматы (жеке немесе конференц-байланыс арқылы) | Қолы (ашық жиналысқа қатысқан жағдайда) |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1 | Жалибек Маржан | «Жетісу – Жер-қойнауы» ЖШС | 8705 2134547 | жеке қатысу | [signature] |
| 2 | Тасазова С | Ауыл тұрғыны | 87078047822 | жеке қатыс | [signature] |
| 3 | Балмаков Б.Б | Ауыл тұрғыны | 87072830905 | | [signature] |
| 4 | Есмаль И | Ауылтұрғыны | 8702047 0452 | жеке | [signature] |
| 5 | Айтеева Ж | Ауыл тұрғыны | 8700026 2402 | жеке | [signature] |
| 6 | Жаймайлева Т.Ж | ауыл тұрғыны | 87712918750 | жеке | [signature] |
| 7 | Мубаранов Рустем | «Жетісу – Жер-қойнауы» ЖШС | 8705741 0438 | Зум | |
| 8 | Андрей аудармашы | Қытай азамат-ты инженерлік | 8777 0066699 | Зум | |
| 9 | | Құрылыс компаниясы | | | |
| 10 | | | | | |
| 11 | | | | | |
| 12 | | | | | |
| 13 | | | | | |
| 14 | | | | | |

Қосымша №3

Наш сайт: https://news20.kz/

# Жезказганский вестник

12+

ИНФОРМАЦИОННО-АНАЛИТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА ОБЛАСТИ ҰЛЫТАУ № 50 (688). Среда, 23 июля 2025 года.

РАЗВИТИЕ ОБЛАСТИ

## ПРЕМЬЕР-МИНИСТР ПРОВЕРИЛ ХОД РЕКОНСТРУКЦИИ ТЭЦ И ОЧИСТНЫХ СООРУЖЕНИЙ ОБЛАСТИ ҰЛЫТАУ





2 стр.

Премьер-Министр Олжас Бектенов в рамках рабочей поездки в область Ұлытау проверил исполнение поручений Президента по модернизации энергетической и коммунальной инфраструктуры.

ДЕНЬ МЕТАЛЛУРГА

## ПОЧТИЛИ ПАМЯТЬ КАНЫША ИМАНТАЕВИЧА







В честь Дня металлурга на площади имени Каныша Сатпаева состоялась торжественная церемония возложения цветов к памятнику выдающегося ученого, первого академика Казахстана.

В мероприятии приняли участие аким области Ұлытау Дастан Рыспеков, аким города Жезказгана Кайрат Шайжанов, представители общественности и металлургической отрасли. Присутствующие почтили память Каныша Имантаевича – основоположника казахстанской геологии и одного из вдохновителей индустриального развития страны.

Церемония прошла в торжественной обстановке и стала выражением признательности за научное наследие и вклад Каныша Сатпаева в развитие отечественной металлургии.

*Назира АШИМУХАНОВА.*

ВАЖНЫЕ ДАТЫ

## НАГРАДЫ В ЧЕСТЬ ДНЯ МЕТАЛЛУРГА







2 стр.

ЭХО ПРАЗДНИКА

## METALLURG FEST ПОДАРИЛ ДЕТЯМ И ВЗРОСЛЫМ ЯРКИЙ ПРАЗДНИК ЛЕТА





2 стр.

ULYTAU

"ULYTAU" ОБЛЫСТЫҚ ТЕЛЕРАДИОКОМПАНИЯСЫ" ЖШС
ТОО "ОБЛАСТНАЯ ТЕЛЕРАДИОКОМПАНИЯ "ULYTAU"
REGIONAL TV AND RADIO COMPANY "ULYTAU"

Қазақстан Республикасы
Ұлытау облысы
Жезқазған қ-сы, Тимирязев к-сі,15
тел: 8 (7102) 90-33-89
e-mail: info@ulytau.tv
www.ulytau.tv

Республика Казахстан
область Ұлытау
г.Жезказган, ул.Тимирязева ,15
тел: 8 (7102) 90-33-89
e-mail: info@ulytau.tv
www.ulytau.tv

The Republic of Kazakhstan
Ulytau region
Zhezkazgan, Timiryazev st.,15
tel.: 8 (7102) 90-33-89
e-mail: info@ulytau.tv
www.ulytau.tv

22.07.2025 № 113

# ЭФИРНАЯ СПРАВКА

Подтверждается трансляция 18 июля 2025 года на телеканале «ULYTAU» информация от Филиала ООО «Китайская Гражданская Инженерно-Строительная Корпорация» в Республике Казахстан в рубрике «видеозаставка с озвучиванием».

Текст: **Қоғамдық тыңдаулар!** 25.08.2025 ж., сағат 10:00-де, Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, Мибұлақ а.о., Мибұлақ а., Тұрсынбай к-сі, 16мекен-жайындағы Мәдениет Үйі ғимаратында «Қызылорда - Жезқазған республикалық маңызы бар автомобиль жолының 11,12 лоттар, 314-369 км.-ін қайта жаңарту үшін Ұлытау облысында орналасқан «Қытай Азаматтық Инженерлік-Құрылыс Корпорациясы» ЖШҚ Қазақстан Республикасындағы филиалының вахталық қалашығы бар өндірістік базасын орнату» жобасы бойынша ашық жиналыс әдісімен қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Карантин жағдайында қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі.

**Онлайн конференцияға сілтеме**:https://us05web.zoom.us/j/6774935275?pwd=d03CMgTp2oURvw5K5QzTmmVrQHi0TG.1

**Конференция идентификаторы:** 677 493 52 75

**Кіру коды:** YZ1mBb

**Белгіленген қызметтің бастамашысы:** «Қытай Азаматтық Инженерлік-Құрылыс Корпорациясы» ЖШҚ Қазақстан Республикасындағы филиалы, БСН: 170241014967. Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, 050060, Әбіш Кекілбайұлы к-сі, 34, 11-01 кеңсе. Тел: +77715032026, email:ccecc-kazakhstan@ccecc.com.cn.

**Әзірлеуші:** «Жетісу-Жерқойнауы» ЖШС, БСН: 110440009773. Мекен-жайы: Алматы облысы, Қарасай ауданы, Қаскелең қ., Көшек батыр к-сі, 165. Тел. +77474676274, email: zh.zherkoinauy@mail.ru.

**Жергілікті атқарушы орган:** «Ұлытау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел. 87102766001. Ресми интернет-ресурс https://ndbecology.gov.kz/ және электрондық мекен-жайы ulytau.obl_priroda@mail.ru бойынша мүдделі жұртшылық өздерінің қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар бойынша және қоғамдық тыңдаулардың жарияланған хаттамасы бойынша ескертулері мен ұсыныстарын жібере алады.

**Общественные слушания.** 25.08.2025 г. в 10:00 часов по адресу область Ұлытау, Улытауский район, Мыйбулакский с.о., с.Мыйбулак, Дом Культуры по адресу: ул. Турсынбай, 16 будут проводиться общественные слушания методом открытого собрания по проекту «Устройство производственной базы с вахтовым городком Филиала ООО «Китайская Гражданская Инженерно-Строительная Корпорация» в Республике Казахстан, расположенного области Ұлытау, для реконструкции автомобильной дороги республиканского значения Кызылорда- Жезказган, км. 314-369, Лоты 11,12».

В случае карантина общественные слушания будут проводиться в онлайн режиме.

**Ссылка на онлайн конференцию:**https://us05web.zoom.us/j/6774935275?pwd=d03CMgTp2oURvw5K5QzTmmVrQHi0TG.1

**Идентификатор конференции:** 677 493 52 75

**Код доступа:** YZ1mBb

**Инициатор намечаемой деятельности:**Филиал ООО «Китайская Гражданская Инженерно-Строительная Корпорация» в Республике Казахстан, БИН: 170241014967. Адрес: Республика Казахстан, город .Алматы, Бостандыкский район, 050060, ул. Абиша Кекилбайулы 34, офис 11-01.Тел: +77715032026, email:ccecc-kazakhstan@ccecc.com.cn.

**Разработчик:** ТОО «Жетісу-Жерқойнауы», БИН:110440009773. Адрес: Алматинская область, Карасайский район, г. Каскелен, ул. Кошек батыра, 165. Тел. +77474676274, email: zh.zherkoinauy@mail.ru.

**Местный исполнительный орган:** ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Ұлытау», тел. 87102766001. Официальный интернет-ресурс https://ndbecology.gov.kz/ и электронный адрес ulytau.obl_priroda@mail.ru по которым заинтересованная общественность может направить свои замечания и предложения по документам, выносимым на общественные слушания и по опубликованному протоколу общественных слушаний.

**Директор** **Жусупханова М.Б.**

**Қосымша №4**



23.07.2025. 15:41:16. Нет GPS сигнала.

## Қоғамдық тыңдаулар

25.08.2025 ж., сағат 10:00-де. Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, Мибұлақ а.о., Мибұлақ а., Тұрсынбай к-сі, 16мекен-жайындағы Мәдениет Үйі ғимаратында «Қызылорда - Жезқазған республикалық маңызы бар автомобиль жолының 41,12 лоттар, 314-369 км.-ін қайта жаңарту үшін Ұлытау облысында орналасқан «Қытай Азаматтық Инженерлік-Құрылыс Корпорациясы» ЖШК Қазақстан Республикасындағы филиалының вахталық қалашығы бар өндірістік базасын орнату» жобасы бойынша ашық жиналыс әдісімен қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Карантин жағдайында қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі.

**Онлайн конференцияға сілтеме**:https://us05web.zoom.us/j/6774935275?pwd=d03CMgTp2oURvw5K5QzTmmVrQHi0TG.1

**Конференция идентификаторы:** 677 493 52 75

**Кіру коды:** YZ1mBb

**Белгіленген қызметтің бастамашысы:**«Қытай Азаматтық Инженерлік-Құрылыс Корпорациясы» ЖШК Қазақстан Республикасындағы филиалы, БСН: 170241014967. Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, 050060, Әбіш Кекілбайұлы к-сі, 34, 11-01 кеңсе. Тел: +77715032026, email:cceсс-kazakhstan@cceсс.com.cn.

**Әзірлеуші:** «Жетісу-Жерқойнауы» ЖШС, БСН: 110440009773. Мекен-жайы: Алматы облысы, Қарасай ауданы, Қаскелең қ., Көшек батыр к-сі, 165. Тел. +77474676274, email: zh.zherkoinauy@mail.ru.

**Жергілікті атқарушы орган:** «Ұлытау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел. 87102766001. Ресми интернет-ресурс https://ndbecology.gov.kz/ және электрондық мекен-жайы ulytau.obl_priroda@mail.ru бойынша мүдделі жұртшылық өздерінің қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар бойынша және қоғамдық тыңдаулардың жарияланған хаттамасы бойынша ескертулері мен ұсыныстарын жібере алады.

## Общественные слушания

25.08.2025 г. в 10:00 часов по адресу область Ұлытау, Улытауский район, Мыйбулакский с.о., с.Мыйбулак, Дом Культуры по адресу: ул. Турсынбай, 16 будут проводиться общественные слушания методом открытого собрания по проекту

В случае карантина общественные слушания будут проводиться в онлайн режиме.

**Ссылка на онлайн конференцию**:https://us05web.zoom.us/j/6774935275?pwd=d03CMgTp2oURvw5K5QzTmmVrQHi0TG.1

**Идентификатор конференции**: 677 493 52 75

**Код доступа**: YZ1mBb

**Инициатор намечаемой деятельности:**Филиал ООО «Китайская Гражданская Инженерно-Строительная Корпорация» в Республике Казахстан, БИН: 170241014967. Адрес: Республика Казахстан, город .Алматы, Бостандыкский район, 050060, ул. Абиша Кекилбайулы 34, офис 11-01.Тел: +77715032026, email:cceсс-kazakhstan@cceсс.com.cn.

**Разработчик**: ТОО «Жетісу-Жеркойнауы», БИН:110440009773. Адрес: Алматинская область, Карасайский район, г. Каскелен, ул. Кошек батыра, 165. Тел. +77474676274, email: zh.zherkoinauy@mail.ru.

**Местный исполнительный орган:** ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Ұлытау», тел. 87102766001. Официальный интернет-ресурс https://ndbecology.gov.kz/ и электронный адрес ulytau.obl_priroda@mail.ru по которым заинтересованная общественность может направить свои замечания и предложения по документам, выносимым на общественные слушания и по опубликованному протоколу общественных слушаний.

**Қосымша №5**

**«Қызылорда - Жезқазған республикалық маңызы бар автомобиль жолының 11,12 лоттар, 314-369 км.-ін қайта жаңарту үшін Ұлытау облысында орналасқан «Қытай Азаматтық Инженерлік-Құрылыс Корпорациясы» ЖШҚ Қазақстан Республикасындағы филиалының вахталық қалашығы бар өндірістік базасын орнату»жобасы бойынша**

**Қоғамдық тыңдауларға арналған баяндамасы**

Сәлеметсіз бе, бүгін біз сіздердің назарларыңызға «Қызылорда - Жезқазған республикалық маңызы бар автомобиль жолының 11,12 лоттар, 314-369 км.-ін қайта жаңарту үшін Ұлытау облысында орналасқан «Қытай Азаматтық Инженерлік-Құрылыс Корпорациясы» ЖШҚ Қазақстан Республикасындағы филиалының вахталық қалашығы бар өндірістік базасын орнату» жобасын ұсынамыз.

Бұл жобаның тапсырысшысы«Қытай Азаматтық Инженерлік-Құрылыс Корпорациясы» ЖШҚ Қазақстан Республикасындағы филиалы болып табылады.

Кен өндіру жоспарын «Жетісу Жерқойнауы» ЖШС жасаған.

Осы «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі«Қызылорда - Жезқазған республикалық маңызы бар автомобиль жолының 11,12 лоттар, 314-369 км.-ін қайта жаңарту үшін Ұлытау облысында орналасқан «Қытай Азаматтық Инженерлік-Құрылыс Корпорациясы» ЖШҚ Қазақстан Республикасындағы филиалының вахталық қалашығы бар өндірістік базасын орнату» жұмыс жобасына, нысанның қоршаған ортаға әсерін бағалау және табиғи ресурстарды пайдалану нормативтерін белгілеу мақсатында әзірленген.

**Орналасқан жері.**Өндірістік базаның уақытша типтегі учаскесі әкімшілік тұрғыда Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, Мибұлақ а.о. орналасқан.

Ең жақын елді мекен – учаскеден оңтүстік-шығысқа қарай 47,5 км қашықтықта орналасқан Мибұлақ ауылы.

Өндірістік базаны жалпы ауданы – 23,92 га. Өндірістік базаның пайдалану мерзімі – 5 жыл (2025–2029 жж.).

**Ұсынылған қызмет үшін ұсынылған техникалық шешімдердің қысқаша сипаттамасы.**

Өндірістік жұмыстарды орындау үшін келесі жабдықтар, машиналар мен механизмдер көзделген:

1. Мобильді ұсату-сұрыптау кешені (ҰСК) келесі құрамнан тұрады: жақты ұсатқыш, конусты ұсатқыш, роторлы ұсатқыш, елеуіштер (вибросито) және 7 дана ленталы транспортерлер. Ұсақтау кешенінің өнімділігі – 400 т/сағ.

2. XCMG маркалы мобильді асфальт араластыру қондырғысы, өнімділігі – 140 т/сағ.

3. ZLG/50 маркалы мобильді битум-эмульсиялық қондырғы (БЭҚ), өнімділігі – 12 т/сағ.

ҰСК учаскесінде келесі объектілер қарастырылған: мобильді ұсату-сұрыптау кешені және өндірілген қиыршық тас қоймасы.

ҰСК желісі келесі жабдықтардан тұрады:ақты ұсатқыш, конусты ұсатқыш, роторлы ұсатқыш, елеуіштер (вибросито) және 7 дана ленталы транспортерлер. Кешеннің өнімділігі – 400 т/сағ.

Ұсақтау-сұрыптау кешеніқұрылыс тасын асфальт және бетон өндіруде пайдаланылатын 0–5 мм, 5–10 мм, 10–20 мм, 20–40 мм, 40–80 мм, 0–80 мм фракциялы қиыршық тасқа ұсақтау үшін қолданылады.

Пайдалы қазба (құрылыс тасы)жақын маңдағы құрылыс тас карьерлерінен автосамосвалдармен ҰСК-ға жеткізіледі.

Құрылыс тасын өңдеу үшін келесі технологиялық сұлба қолданылады:

Бастапқы материал (100–500 мм фракциялы құрылыс тасы) автосамосвалдармен пандус арқылы алғашқы қоректендіргіштің бункеріне жеткізіледі.Кейін жақты ұсатқышта бастапқы ұсақтау жүргізіледі. Жақты ұсатқыштан ленталы конвейер арқылы материал конусты ұсатқышқа

жеткізіледі.Конусты ұсатқыштан кейін – роторлы ұсатқышқа.Роторлы ұсатқыштан кейін материал елеуішке (вибросито) түсіп, келесі фракцияларға сұрыпталады:0–5 мм, 5–10 мм, 10–20 мм, 20–40 мм, 40–80 мм, 0–80 мм.Содан соң лентaлы конвейер арқылы дайын қиыршық тас ашық (4 жағынан ашық) қоймаларға тасымалданады.

*XCMG маркалы мобильді асфальт араластырғыш қондырғысы* кезеңдік әрекетті битумды көп компонентті қоспаны (асфальтты) өндіруге арналған.

Мобильді асфальт араластырғыш кешенінің өнімділігі –140 т/сағ.

Көп компонентті қоспа – бұл минералды толтырғыштардан, қоспалардан және битумнан тұратын ыстық асфальт қоспасы.

Асфальт дайындау процесі араластырғыш қондырғыда келесі схема бойынша жүзеге асырылады:

ҰСҚ алаңынан минералдық шикізат пневмодоңғалақты тиегіш арқылы асфальт араластырғыш кешеннің қоректендіру агрегатына жеткізіледі.

Қоректендіру агрегаты минералдық шикізатты (асфальт құрамын іріктеу бойынша ұсыныстарға сәйкес) белгіленген пропорцияда таспалы конвейерге біркелкі беруге арналған.Қоректендіру агрегаты бұл асфальт қоспасының түйіршіктілігіне байланысты қиыршық тас жүктелетін металл бункерлер қатарынан тұрады.Бункердің төменгі бөлігінде қиыршық тастың берілуін реттейтін құрылғы — қоректендіргіш орналасқан.

Бункерден қоспа таспалы конвейер арқылы кептіргіш барабанға бағытталады. Таспалы конвейер іске қосылған сәтте кептіру агрегаты да қатар жұмыс істей бастайды.

Минералдық шикізат таспалы конвейер арқылы белгілі бір температураға дейін қыздыру және кептіру үшін арналған кептіргіш барабанға түседі. Сонымен қатар, құбыр жүйесі арқылы резервуардан (силос – 1 дана, 40 м$^3$) минералдық ұнтақ (жылына 8000 тонна) кептіргіш барабанға беріледі. Бұл ұнтақ силосқа цемент таситын көліктермен жеткізіледі.

Кептіргіш барабандағы құрғату және қыздыру процесі ыстық газдармен үрлеу арқылы жүзеге асырылады.Ыстық газдар кептіргіш барабанда жақсы бүркілген сұйық отынның жануынан пайда болады. Отын ретінде дизель отыны қолданылады.Отын форсункаға жіберілмес бұрын, арнайы сорғылар арқылы 15 м$^3$ көлеміндегі резервуардан отын құбырымен жоғары қысымды желдеткішке жеткізіледі, сол жерде ауа араласып, отын үнемделеді.Отын шығыны –2000 т/жыл.Дизель отыны мердігер ұйымдардың жанар-жағармай қоймаларынан бензовоз арқылы жеткізіледі.Резервуарға дизельді құю бензовозда орнатылған сорғы арқылы жүзеге асырылады.

Минералдық шикізатты тиеу және кептіргіш барабанда дизель отынының жануы кезінде пайда болатын шаң мен түтін жең сүзгісі арқылы өтеді және сору желдеткіші арқылы диаметрі 10 м, биіктігі 0,4 м сорғыш құбырға беріледі.Жең сүзгісінің шаң ұстау тиімділігі – 95%.

Ұсталынған шаң бұрандалы тәсілмен құбыр арқылы арнайы «BigBag» қаптарға жиналады, шаң жиналғаннан кейін, кран көмегімен қаптардан минералды ұнтақ силосына түсіріледі.

Кептірілген және қыздырылған қоспа шөмішті элеватор арқылы асфальт араластырғыш қондырғыға жеткізіледі. Бұл қондырғы асфальт-битум қоспаларын дайындауға арналған.Араластырғыш агрегаттың жоғарғы бөлігінде қиыршық тастың берілуін реттейтін қоректендіргіш құрылғы орналасқан.

Асфальт араластырғыш қондырғы бұл қалақты араластырғыш, онда асфальт-битум қоспасының барлық компоненттері араластырылып, битум қабаты бөлшектердің бетіне біркелкі таралады.Араластырғыш қондырғы іске қосылған сәтте ыстық битумды беру процесі де қатар басталады.Ыстық битум битум қоймасынан араластырғыш қондырғыға сорғы (2 дана) арқылы беріледі.Бұл сорғылар бір білік тығыздағышпен жабдықталған, өнімділігі сағатына 20 м$^3$ болатын центробежді сорғылар.

Битум сақтау қоймасы көлденең типтегі көлемі 40 м$^3$ болатын 1 металл резервуардан және көлемі 4500 м$^3$ болатын 1 битум шұңқырынан тұрады.Асфальт-бетон қондырғысы үшін битум шығыны –8500 т/жыл. ААҚ учаскесіне битум мердігер ұйымдардың ЖЖМ қоймаларынан автоцистерналар арқылы жеткізіледі.Битумды резервуарларға айдау сорғы (2 дана) арқылы жүзеге асырылады, құю өнімділігі – 20 м$^3$/сағ.

Битумның ағымдылығын арттыру үшін оны ыстық маймен қыздырады.Бұл май дизель отынында жұмыс істейтін бойлерде қыздырылады.Май резервуарларда сақталмайды, ол бойлердің (1 дана)жылыту тізбегінде (Құбыр жүйесінде) айналады. Бойлерге дизель отыны көлемі 40 м$^3$ болатын резервуардан сорғы арқылы беріледі.Сорғы бір сальникті тығыздауы бар центробежді сорғы.Бойлерде дизель отыны жанғанда шығын –3000 т/жыл.Бойлерден шыққан түтін газдары

диаметрі 0,3 м және биіктігі 6 м болатын мұржа арқылы атмосфераға шығарылады.Бойлерде шаң ұстау жабдығы қарастырылмаған.

Дайындалған ыстық асфальт жабылатын люгі бар түсіру тесігі арқылы дайын өнім агрегатының бункеріне түседі.Одан әрі дайын өнім агрегатынан асфальт автокөлікке түсіріледі.

Асфальт дайындау процесінің барлығын оператор асфальт араластырғыш қондырғыдағы бақылау терезесі арқылы бақылайды.

ЖЖМ үшін цистерналар (резервуарлар) орнатылған кезде олардың астына науалар орнату қажет.Бұл сұйық отынды құю кезінде экологиялық және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

*Мобильді битум-эмульсиялық қондырғы (БЭҚ)*

БЭҚ учаскесінде келесі жабдықтарды орнату қарастырылған:БЭҚ, битум қыздыруға арналған бойлер (1 дана), битумға арналған көлемі 50 м³ резервуар (1 дана), дайын өнімге арналған көлемі 10 м³ резервуар, битумды резервуарлардан айдауға арналған сорғы (1 дана), өнімділігі – 20 м³/сағ.

Мобильді битум-эмульсиялық қондырғы автомобиль жолдарын салу қажеттіліктері үшін қолданылатын битум эмульсияларын өндіруге арналған.Битум эмульсиясын өндіру көлемі –700 т/жыл.Битум шығыны –450 т/жыл.

Жөндеу жұмыстары үшін өндірістік база аумағында арнайы жөндеу учаскесі қарастырылған.Техниканы шағын жөндеуге арналған металл контейнер орнатылады (дәнекерлеу, газбен кесу, автокөліктерге май ауыстыру жұмыстары).

Дәнекерлеу жұмыстары қолмен доғалы электр дәнекерлеуімен жүргізіледі. Қолданылатын электрод маркасы – МР-3.

Автокөліктерге мотор майын ауыстыру жұмыстары навес астында жүргізіледі.Қолданылған мотор майы металл ыдыста жиналады.Бұл ыдыстар жабық контейнерде (қоймада) уақытша сақталады.Жиналған соң, ыдыстар герметикалы түрде жабылып, осы қалдықтарды қабылдап, кәдеге жаратумен айналысатын мамандандырылған кәсіпорындарға өткізіледі.

Техниканы жанармаймен қамтамасыз ету үшін дизель отынына арналған жер үсті резервуары қарастырылған.Резервуар бетондалған ашық алаңда орналастырылады.ЖЖМ резервуарларын орнату кезінде ағып кетуді болдырмау үшін науалар (поддондар) қойылуы тиіс.Техниканы жанармаймен құю үшін дизель отыны бар резервуарда өнімділігі сағатына 2,4 м³ болатын құю пистолеті қарастырылған.Дизель отыны мердігер ұйымдардың ЖЖМ қоймаларынан бензовоздар арқылы жеткізіледі.Резервуарға дизель отынын айдау бензовозда орнатылған сорғы арқылы жүзеге асырылады.

**Атмосфера:**

Жұмыстар жүргізу барысында атмосфералық ауаның негізгі ластаушылары – жер қазу жұмыстары, сыпырма материалдарды төгу, дәнекерлеу жұмыстары, гидрооқшаулау жұмыстары, бояу жұмыстары, ІҚҚ (ішкі жану қозғалтқыштары), ҮСК, мобильді битум-эмульсиялық қондырғы, мобильді асфальт араластырғыш қондырғы, жөндеу учаскесі, ЖЖМ қоймасы және әкімшілік учаске.

**Сумен қамтамасыз ету.** Техникалық су ұңғымадан алынады, ал ауыз су қажеттілігі сырттан жеткізілетін сумен қамтамасыз етіледі.

Барлық тұрмыстық ағынды сулар бетондалған гидрооқшаулағыш септиктерге төгіліп, толған кезде ассенизация машинасымен сорылып, жақын орналасқан кәріз тазалау құрылғыларына жеткізіледі.

**Қалдықтарды** жинау және уақытша сақтау (дәнекерлеу электродтарының қалдықтары, БЛМ ыдыстары, тұрмыстық қатты қалдықтар, майлы шүберек, қолданылған автодөңгелектер, қолданылған аккумулятор батареялары, қолданылған жарықдиодты шамдар, қолданылған май сүзгілері, аспирациялық шаң, қолданылған мотор майы) арнайы бөлінген орындарда (металл контейнерлерде), қалдықтардың қауіптілік класына сәйкес сақталып, кейін келісімшарт бойынша арнайы кәсіпорынға шығарылатын болады.

**Қоршаған ортаны қорғау іс-шаралар жоспары**

-Ластаушы заттардың шығарындылары бойынша нормативтік талаптарға сәйкес көлік құралдары мен құрылыс техникасының техникалық жағдайын сақтау;

-Шаңдылығы жоғары материалдарды тасымалдау кезінде автомобиль корпусын тенттермен жабу;

-Жұмыс аумағында көліктер мен басқа да техникалардың ретті қозғалысы, оңтайлы қозғалыс схемаларын әзірлеу;

-Шаңды басу бойынша жұмыстар;

-Қалдықтарды қайта өңдеу үшін арнайы кәсіпорындарға уақтылы беру;

-Тұрмыстық сарқынды суларды кейіннен айдау және жақын маңдағы ағынды суларды тазарту қондырғысына шығару арқылы герметикалық септикке жинау.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, бұл жобаны жүзеге асыру әлеуметтік маңызды және тұрғындардың өмір сүру сапасына оң әсер етеді деп қорытынды жасауға болады.

Назарларыңызға рахмет.